

2025 жылғы 8 қаңтар

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Еліміздің жетекші инвестициялық компанияларының бірі – BCC Invest Қазақстандағы алғашқы KASE индекстері бойынша ETF (exchange-traded fund) қорларын іске қосады

Өткен жылдың соңында BCC Invest Қазақстан қор биржасымен (KASE) бірлесіп, KASE индекстері бойынша Қазақстанда алғашқы екі биржалық инвестициялық пай қорын (ETF) құрып, оларды тіркеді. Бұл қорлар еліміздегі алғашқы индекс қорлары болды.

«KASE индексі» қоры KASE индексінің құрылымын – қор биржасындағы премиум-класс акцияларының тізімін көрсетеді. Қорға инвестиция салу KASE-дің ең үздік эмитенттеріне тартымды қатысуды қамтамасыз етеді және оның өсу динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

MBM Index KASE қоры MBM_index KASE индексінің құрамын көрсетеді: қор активтерінің 75%-ы еліміздің ортамерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарға, ал 25%-ы ақша нарығының құралдарына инвестицияланады.

Екі қордың да пайының номиналды құны іске қосу кезінде бір теңгені құрайды, бұл осы құралдарды инвесторлардың кең тобына барынша қолжетімді етеді.

KASE Client Relations Office директорының орынбасары Нұркен

Болатбек: *«KASE индексі бойынша ETF-ті іске қосу – Қазақстандағы қор нарығын танымал етудегі және халықтың инвестициялық сауаттылығын арттырудағы маңызды қадам. Биржалық индекс құралдарына инвестиция жасаудың ыңғайлылығы бүкіл әлемде мойындалған. ETF сатып алу арқылы инвестор Қазақстан экономикасының жетекші компанияларының акцияларынан тұратын әртараптандырылған портфельге инвестиция жасау мүмкіндігіне ие болады, сонымен қатар кіру шегі төмен, инвестицияға кіру және шығу механизмі жеңіл, ыңғайлы және қарапайым болады. Бұл құрал инвесторлардың әртүрлі санаттары үшін қызықты болуға тиіс: бөлшек сауда инвесторына төмен кіру шегімен өтімді құралдарда инвестиция жасау тәжірибесін алуға мүмкіндік береді, ал халықаралық және кәсіби инвесторларға кейбір құралдарды талдау қажеттілігінсіз әртараптандырудан алатын әсері қызықты болады», – деп атап өтті.*

Қор пайларының саудасын бастау биыл бірінші жартыжылдыққа жоспарланған.

ВСС Invest компаниясының Басқарушы директоры Руслан Зерілов:

«Біз үшін ETF-ті іске қосу – біздің дамуымыздың және сенімгерлік басқару нарығындағы позициямызды нығайтудың жаңа кезеңі. Біздің нарықта индекс қорларын іске қосу қажеттілігі ұзақ уақыт бойы өзекті болды және өткен жылы заңнамалық өзгерістер қабылданғанына қуаныштымыз. Бұл осы қорларды іске қосу KASE-ге жаңа өтімділіктің келуін арттыратынына және еліміздегі капитал нарығының дамуына септігін тигізетініне сенеміз»,
– деп атап өтті.

Компания туралы

ВСС Invest инвестициялық компаниясы Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында 1998 жылдан бастап қызмет атқарады және брокерлік қызмет көрсету, активтерді, оның ішінде зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару, қаржылық консалтинг, бағалы қағаздар андеррайтингі қызметтерін көрсетеді. ВСС Invest – ЦентрКредит Банкінің еншілес ұйымы.

ҚР ҰБ-ның бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензиясы.

БАҚ-пен байланысатын тұлға:

Талита Жұматаева, тел. +7 701 100 36 83
e-mail: tzhumatayeva@bcc-invest.kz